

Бастауыш сынып мұғалімдерін шақыра отырып, даярлық топ ата-аналарының жиналысы

Күні 03.05.

Оқу ісінің меңгерушісі Жиенгарина А.М. жиналыстың күн тәртібімен таныстырды

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың ұсақ моторикасының қалыптасуы, мектепке бейімделуі жайлы анализ. Психолог.Шахметова А.Н.
2. Ата-аналарға арналған сауалнама. Бастауыш сынып мұғалімі Сатыбаева Н.Д.
3. Оқушылардың бірінші сыныпқа дайындығы бойынша сараптама. Бастауыш сынып мұғалімі Дабиева Н.С.
4. Мектеп алаңқайы, мектепке даярлау тобы жайлы ақпарат. Бастауыш сынып мұғалімі Жиенгарина А.М.

Құрметті ата-аналар, бүгін сіздерді жинаған себебім, өздеріңіз білетіндей балаларымыз 1сыныпқа даярлануда. Сондықтан бар ынтамызды, бар білімімізді балаларға үйретуге көңіл қоюдамыз.

- Бүгін сіздерге кеңес ұсыныстар бергім келіп отыр. Өздеріңіз білетіндей білім беру жылдан жылға өзгеріп, күрделене түсуде. Мектеп бағдарламасы өте ауыр, сондықтан қазір балалар мектепке барар жолда балалардың танымдық деңгейлері тексеріледі. Балалар өздерінің аты-жөнін, мекен жайларын,ҚР-ның рәміздерін, өз Отаны жайлы мағлұматтарды, облыс атауларын, ата-анасының аты-жөні, жұмыс орны т.б білулері тиіс.

Баланы мектепке даярлауда ата-ана не білуі керек?

1. Саусақ моторикасының жетілуіне көп көңіл бөліну қажет.
 2. Әріптерді танып, екі-үш әріптің басын қосып оқи алу қажет.
 3. Сандарды, көп-аз, үлкен-кіші, ұзын-қысқа т.с. логикалық сұрақтарға жауап бере білуі қажет.
- Көбірек бояғыш қағаздармен, сазбалшық, ермексаз, бауларды байлап үйренулері керек.
 - Әсіресе тілдік нормалары төмен балаларға көп көңіл бөлінуі қажет.
 - Қайшымен көбірек жұмыс істетуге, лазерлік саусақ ойындарын ойнату.
 - Математика пәнінен қосу, азайтуларды дұрыс түсіндіріп, 1-ден 20-ға дейінгі сандар аралығында қосып, азайтып есептер шығара білуі тиіс.

Қортындылай келе ата-аналарды мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімдерімен таныстырды.

Ата-аналар жиналысы жағымды, жылы ортада өтті. Қатысушылар арасындағы байланыс оңай және сенімді болды. Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтар қойды, ал мұғалімдер оларға сауатты жауап берді.

